

Қазақстан Республикасында кедендік бақылауды онан әрі ұйымдастыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 29 желтоқсан N 1097. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.29. N 520 қаулысымен.

Республиканың экономикалық мүдделерін қорғау, материалдық және мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуін, қару-жарақтардың, есірткілер мен басқа да тиым салынған заттардың әкелінуін болдырмау, контрабандаға қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының аумағындағы кедендік мекемелердің құрылымын, жер-жерге орналасуын және қызмет аймақтарын анықтасын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден

басқармасы орталық аппараты қызметкерлерінің санын 120 адам мөлшерінде белгілеу қажет деп табылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасы кеден органдары қызметкерлерінің штаттық санын 1993 жылы 3150 адамға дейін, ал 1994 - 1995 жылдары - жылына қосымша 1000 адамға дейін көбейтуге рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылғы 1 сәуірге дейін:

- Жезқазған облысында Жезқазған;
- Қызылорда облысында Қызылорда;
- Көкшетау облысында Көкшетау;
- Қостанай облысында Қостанай;
- Қызылорда облысында Ленинск;
- Солтүстік Қазақстан облысында Петропавл;
- Семей облысында Семей;
- Батыс Қазақстан облысында Орал;

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасымен шекарасында:

- Семей облысында Бахты;
- Шығыс Қазақстан облысында Майқапшағай кедендерін ұйымдастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының жұмыс істеп тұрған кеден мекемелері ішкі нарықты қорғау міндеттеріне сәйкес қайта құрылсын.

5. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері мемлекеттің экономикалық мүддесін қорғау міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасымен жапсарлас мемлекеттер шекараларында автомобиль және темір жол кеден өткелдерін, аэропорттарда, теңіз және өзен порттарында өткізу бекеттерін құру және ыңғайлы орналастыру жөнінде шаралар қолдансын.

Кеден мекемелері үшін үй және ғимараттар, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық және арнайы мақсаттарға арналған объектілер салуға жер учаскелерін беру қамтамасыз етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кеден қызметін дамыту үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді және басқа да объектілерді салуға байланысты тапсырыс беруші міндеті жүктелсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы көлік құралдарына тексеру жүргізу тәртібі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен республикаға әкелінетін және республикадан әкетілетін жүктерді хаттау туралы Ереженің жобасын бір ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемэкономкомы, Материалдық ресурстар министрлігі кеден жүйесі қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге, арнайы техника мен жабдықтар сатып алуға, сондай-ақ 1993-1995 жылдары әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді, кедендік инфрақұрылымды ыңғайлы орналастыру мен қайта құруға және мемлекеттік кеден статистикасын жинау мен өңдеу үшін есептеу орталығын ұйымдастыруға қажетті материалдық-техникалық және қаржы ресурстарын бір ай мерзімде бөлуді қарастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ұлттық хауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Көлік министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, "Қазавтокөлік" концерні, Қазақ аумақтық-өндірістік өзен флоты басқармасы өнімдерді, тауарларды және шикізаттарды кедендік хаттаусыз әкелуді және әкетуді болдырмайтын шараларды анықтасын.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасымен келісе отырып өткізу бекеттерінде санитарлық, мал дәрігерлік, фитосанитарлық, медициналық бақылауды, сондай-ақ өнер заттарын және басқа мәдени құндылықтарды әкетуге бақылау жасауды ұйымдастырсын.

11. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының тапсырысы бойынша және бюджеттік қаражаттар есебінен 1993-1994 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының кеден жүйесін сенімді байланыспен қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылы Қазақстан Республикасының кеден қызметі үшін кадрлар дайындау жөніндегі ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

13. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі әскери қызметшілерінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдары үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында қарастырылған барлық хұқықтарды, жеңілдіктерді, тәртіптерді, қызмет атқару,

еңбекақы, лауазымды қызмет окладтарына қосымша үстемеақы, көп жылдық еңбегі мен атақтары үшін төлем шарттарын кеден жүйесі қызметкерлеріне де қолдану туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне өтініш жасалсын.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасына кедендік қызметтің соммен түскен барлық табыстарының 10 процентін және валюталық табыстарының 5 процентін осы қаулыда қарастырылған шараларды қаржыландыру үшін дербес пайдалану хұқығы берілсін.

15. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

